

«Ұстаз-ұлы тұлға» республикалық сырттай байқауды ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелр

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ оқушылары арасында Мұғалімдер күніне арналған «Ұстаз - ұлы тұлға» республикалық байқауды (бұдан әрі - Байқау) сырттай өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: дарынды балаларды, жастарды және педагогтерді анықтау және қолдау, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметтерінің нәтижелілігін арттыру, шығармашылық жұмыспен айналысатын педагогтердің іс-тәжірибелерін жалпылау және тарату.

3. Байқау міндеттері:

- шығармашыл педагогтерге, әдіскерлерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға, білім алушыларға өскелеі ұрпақ білімі және тәрбиесі туралы өз ой-толғауларын, көзқарастарын және идеяларын білдіруге мүмкіндік беру;

- білім беру саласындағы новаторлық идеялар, кәсіби атқарымдар, идеяларды тарату;

- Қазақстандағы дарынды педагогтерді анықтау, олардың тәжірибелерін жинақтау үшін жағдай жасау;

- кәсіби қызметтерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды қолдау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар жюри және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау 2015 жылғы 10 тамыз – **28** қыркүйек аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында сырттай өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары 2015 жылғы **24 қыркүйекке** дейін **konkurs.master@bk.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: **8(7172)24-93-05**, («Ұстаз - ұлы тұлға» байқауы).

8. 2015 жылғы **24** қыркүйектен кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты

бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін қатысушы-педагогтер - 5000 (бес мың) теңге, қатысушы-оқушылар – 1000 (бір мың) теңге төлемақы төлеуі қажет.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Ұстаз – Ұлы тұлға» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты мен фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатының (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) көшірмесін сканерден өткізіп, байқау жамысымен бірге konkurs.master@bk.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылы 28 қыркүйекте www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

12. Байқауға қатысатын жұмыстар Байқау тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы тиіс.

13. Байқауға педагогтер, әдіскерлер, тәрбиешілер, оқытушылар, ата-аналар, білім алушылар қатыса алады.

14. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Педагогтің үздік портфолиосы» номинациясы.

Байқауға портфолиолар - қатысушының білім беру, әдістемелік, зерттеу және шығармашылық қызметінде жинақталған жетістіктері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелері көрсетілген жеке жинақтау папкасы қабылданады.

Байқауға ұсынылатын портфолионың құрылымы:

- қатысушының аты-жөні, жұмыс орны, қызметі;
- ақпараттық картасы (конкурсқа қатысушының қысқаша кәсіби биографиясы, жұмыс тәжірибесі, қол жеткізілген марапаттары, алғыстары);
- біліктілік арттыру курстары, семинарлары;
- нәтижелі білім беру жүйесін ұйымдастыруы (оқушыларының, тәрбиеленушілерінің жетістіктері, педагогикалық технологияларды қолдануы, сабақтан тыс балалармен жұмыстары);

- тәрбие жұмыстары (жұмыс, жетістіктер құжаттары, жүргізілген іс-шаралар тематикасы, ата-аналармен жұмыс);
- инновациялық жұмысқа қатысуы (бағдарламаларды құру, авторлық жұмыстар, интернет ресурстарында жарияланған мақалалар және т.б.)
- әдістемелік жұмыстарда қатысуы (педагогикалық кеңестердегі, семинарлардағы сөз сөйлеу, ашық сабақтар жүргізу, шеберлік сыныптар, тәжірибе жинақтау, байқауларға қатысу);
- білім беру ұйымының қоғамдық өміріне қатысуы.

Байқауға ұсынылатын портфолио презентациясы тек электронды түрде (гиперссылка қолдануға болады) қабылданады. Форматы: Microsoft Power Point.

Портфолиоға сканерден өткізілген құжаттарды (мақтау қағаздары, дипломдар, марапаттар, куәліктер), шығармашылық жұмыстардың суреттері, жобалардың сипаттамалары мен сарапшылардың ұсыныстарын және т.б. қосуға болады.

2. «Үздік әдістемелік жұмыс» номинациясы.

Байқауға авторлық әдістемелік әзірлемелер, оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын айқындайтын оқу құралдары, заманауи педагогикалық технологиялар элементтері, жеке атқарымдары қабылданады.

3. «Үздік педагогикалық жоба» номинациясы.

Байқауға кез-келген бағыттағы және тематикадағы авторлық педагогикалық жобалар қабылданады.

4. «Менің үздік жазба туындым» номинациясы.

Бұл номинацияда тақырыптар аясында ой-толғаулар жолдауға болады:

- «Білім жүйесі: Кеше. Бүгін. Ертең».
- "Менің педагогикалық ұстанымым" (Менің педагогикалық философиям; жеке педагогикалық тәжірибенің жинағы).
- "Менің новаторлық технологиям".
- "Білім беру жүйесі туралы ой-толғаулар" (еркін тақырып).

Қатысушыларға балалар тәрбиесі және оқытумен байланысты мәселелер, мектепте, елде, өңірде қалыптасқан білім беру жүйесі, педагогикалық жүйемен, білім беру жүйесіндегі реформалар, педагогтің немесе әріптестер қолданатын келешек ұрпақты тәрбиелеу жолдары мен әдістері жөніндегі жеке идеялар, жеке көзқарастары білдірілген эссе (шығарма, очерктер, мақалалар) жазу ұсынылады. Жұмыста ең бастысы – ашықтық, шыншылдық, қызықты әдістер, туындаған жағдайдағы жеке талдаулары, мәселелердің тиімді шешімдері, пайдалы кеңестер.

Бірлескен жұмыстар қабылданбайды (эссені педагог өзі жазуы тиіс). Байқауға ұсынылатын жұмыс қазақ немесе орыс тілінде жіберілуі тиіс.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 4 беттен аспауы тиіс. Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: жұмыс орны, педагогтің аты-жөні, білім

беру ұйымының толық аталуы, елді мекен (қала, район, ауыл). Басты бет байқау жұмысының бірінші беті болуы тиіс.

5. «Менің сүйікті ұстазым» номинациясы.

Оқушылардың, тәрбиеленушілердің өз педагогтері туралы мақалалары, эссе, әңгімелері, очерктері, жарияланымдары қабылданады.

15. жұмысты бағалау критерийлері:

- Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- жұмыстың сонылығы;
- өзектілігі;
- жұмыстың сапасы және мазмұндылығы;
- жаңашылдығы.

16. Материалды ресімдеу.

Байқауға қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар электронды түрде қабылданады. Егер іс-шара өзге тілдегі материалды қамтыса, онда міндетті түрде қазақ немесе орыс тілдеріндегі толық аудармасы болуы тиіс.

Байқау жұмыстарының архивты құжатын электронды поштаға жіберуде төлемақы жүргізілгені туралы құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін, сонымен қатар хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) байқауға қатысушының толық аты-жөні, электронды адресі; облыс, қала, ауыл;
- 2) байқау жұмысының аталуы;
- 3) байқау номинациясының аталуы;
- 4) байланыс мәліметтері.

Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

Үздік жұмыстар «Темірқазық» ғылыми-танымдық электронды журналдың, әдістемелік ұсынымдардың беттерінде жарияланады.